

Д. Дүйсебаев, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Е. Естеусізов, қылмыстық құқық және криминология
кафедрасының аға оқытушысы
(Қазақстан Республикасы ІІМ Алматы академиясы)

АДАМ САУДАСЫ — АДАМ ҚҰҚЫҒЫ МЕН БОСТАНДЫҒЫНА ҚОЛ СҰҒАТЫН ХХІ-ҒАСЫР ІНДЕТІ

Халықаралық адам құқықтары туралы жалпыға бірдей декларацияның 5-бабында ешкімді құл ретінде ұстауға және адамды сатуға болмайды деп көрсетілген. Адам саудасы қазіргі таңдағы ауыр және жиі кездесетін індет. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес адам құқықтарымен бостандықтары алдыңғы орында. Заңсыз қоныс аудару және адамдармен сауда жасаумен байланысты мәселелер барлық әлемдік қоғамдастықтар үшін көкейкесті мәселе болып тұр. Өкінішке қарай, Қазақстанда да шетел азаматтарын республика аумағында әртүрлі жұмыстарға пайдалану үшін алдап-арбап тарту, сонымен қатар қазақстандық азаматтарды да сондай мақсаттарда шетел мемлекеттеріне шығару фактілері орын алуда. Елімізде және басқа да шет мемлекеттерде адам саудасы бой алуда. 2010 жылы Ақтөбе және Қостанай қалаларында адам саудасы фактісі орын алды. Бірақ ішкі істер органдарының

жедел іздестіру шараларының арқасында қылмыстың алдын алу жүзеге асты. Еліміздің статистикасына сүйенсек адам саудасына қатысты 2010 жылы 88 іс тергесе 2011 жылы 111 іс тіркелді. Яғни жылдан жылға көбеюде.

Сонымен қатар соңғы жылдары адамдармен сауда жасау күрт өскен: жыл сайын оның құрбандарының саны төрт миллионға жуықтайды. Бұл сандар да өсіп кетуі ықтимал, өйткені трафик қару-жарақ пен есірткімен сауда жасаудан кейінгі үшінші орын алады: трансұлттық қылмыстық топтардың криминалдық табысы жылына 7-8 миллиард долларға дейін жетеді. Әсіресе, құл сатушылардың құрбандары шетелдерде жақсы әрі табысты жұмыс туралы алдамшы ұсыныстарға ықыласын білдірген әйел адамдар болып табылады. Биші, фотомодель ретінде келген олар кейін бастарына жезөкше тағдыры күні түскендігіне көздері жетеді. Соңғы кездері ер адамдарды құлдыққа сату фактілері едәуір өсуде.

Елімізде әйелдер мен қыз балаларды сексуалдық күндікке, ерлерді, әйелдер мен балаларды мәжбүрлі түрде жұмыс істетуге әкелетін, тасымалдайтын және аралық көпір қызметін атқаратын елге айналып отыр. Қазақстандық әйелдер мен балалар Біріккен Араб Әмірліктеріне, Ресей, Қытай, Түркия, Әзірбайжан, Грекия, Индонезия және Израильге мәжбүрлі сексуалдық қызмет етуге жөнелтіледі. Қазақстандық ерлер, әйелдер және балалар, сондай-ақ Өзбекстаннан, Қырғызстаннан, Моңғолиядан және Нигериядан келген ерлер үй шаруасына, малшылыққа, шабындыққа, темекі және мақта алқаптарындағы қара жұмыстарға мәжбүрлеп тартылады.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы барлық обылыстарда шет елден жұмыс күшін тарту және оны елдің шекарасынан тыс шығару тәртібін реттейтін заңнаманың қолданылуына тексеріс жүргізген. Республика аумағында шетелдерде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету құқығына лицензия алған 100-ге жуық заңды тұлғалар тіркелген. ҚР азаматтары, әсіресе, Түркия, Оңтүстік Корея, Греция, Израиль, Албанияға, сонымен қатар, Парсы шығанағы мен Батыс Европа елдеріне шығарылады. Оларға Қырғызстан Республикасы, Ресей Федерациясы және өзге де бірқатар бұрынғы кеңестік республикалардың жалған төлқұжаттары пайдаланылады.

Өкінішке қарай, еліміздің Алматы, Оңтүстік Қазақстан облысы және Қазақстанның Оңтүстік-Шығыс аумақтарында осындай қылмыстар орын алып отыр.

Қазақстанда адам саудасының бірнеше түрі кездесуде яғни:

1. әйелдерді, қыз балаларды жыныстық қатынастағы іс-әрекеттерге итермелеу;
2. ер адамдарды қара жұмысқа салу мақсатында;
3. жасөспірім балаларды қылмыстық әрекеттерге және басқа да істерге итермелеу;
4. адам органдарын сату мақсатында.